

Ежелгі түркі тілдері ескерткіштері
мен ұйғыр жазу ескерткіштерінің
тілі. XV-XII ғасырлардағы қазақ
әдеби тілі.



Орындаған: Есмаханова Нұргүл

Қабылдаған: Жұмабаева

Айжамал

Тарихты білу, оның бастау алар кезеңдеріне үңілу, бүгінгі күнге қажетін табуға ұмтылу – барлық халықтарға тән дәстүр. Қазақ тілі ғайыптан пайда болған жоқ және оқшау жаратылған тіл емес. Оның шыққан ата-тегі бар.



Қазақ тілі түркі тілі деп аталатын алып бәйтеректің аса бір ірі тармағына жатады. VI-VIII ғасырларда біз бүгінде дүние жүзінде түркілерден тараған қырықтан астам ұлт болса, солардың барлығын бір ғана атаумен «түркілер» деп атаған. Сол кезде бабаларымыз Түркі қағанатын құрған.

Түркі этнонимі қытай жылнамаларында 542 жылдан белгілі. Ал түркілердің мемлекеттік дәрежеге көтерілуі 552 жылдан басталады. Түрік қағанаты Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауына дейін үстемдік етті. Түрік қағанатының негізгі құрамы түрік тілдес халықтар болды. Олардың ішінде қырғыз, оғыз, ұйғыр, дулу, үйсін т.б. тайпалар болды. Қағанатты Бум



Одан кейін Істемі қаған биледі. Қағанат бірде әлсіреп, бірде күшейіп отырған. Бір күшейген тұсы – Елтеріс атанған Құтлығ қағанның екі ұлы жас болғандықтан, билікті інісі Қапаған өз қолына алады. Ол әуелде елін, жерін кеңейтіп, күшті хан болады, бірақ көп кешікпей ешкімді елемейтін, қарсы келгендерді аяусыз жазалайтын қатыгез қағанға айналады. Соның салдарынан тайпалар бірінен соң бірі бұл қағанаттан бөлініп, табғаштардың қол астына кіріп жатады.



Әлемдегі өзге халықтар сияқты, түркі халықтарының да –өзіне тән қалыптасу, даму тарихы бар. Ешбір тайпа, халық және ұлт тарихсыз болмайтыны белгілі. Әрбір халық ұлт болып қалыптасу үшін талай тарихи кезеңдерді басынан өткізеді.

Түркі тайпалары халық ретінде біздің дәуіріміздің VI ғасырында дүние жүзіне белгілі бола бастады. Түркі тайпалары туралы құнды деректерді, әсіресе, Батыс Еуропадағы Византия материалдарынан көбірек кездестіруге болады. Сонымен бірге түркі халықтары жөніндегі қыруар мәліметтерді біз сол түркі тайпаларының өшпес мұрасы – өздері жасаған жазба нұсқалар арқылы да біле аламыз. Мұндай жазба нұсқалар түркі халықтары үшін баға жетпес тарихи және мәдени ескерткіш болып табылады.

Түркі халықтарының тарихи мұралары тарих, мәдениет және тіл тұрғысынан алғанда аса құнды қазына екенін бағалай білу, таныту – кезек күттірмейтін негізгі міндеттердің бірі. Біз көне түркі жазба нұсқаларынан тасқа қашалған мынадай сөздерді кездестіреміз:

Бұны көрү білің! Түрк бүдүн бүдүн аты йоқ болу бармыс ерті өлтечи ерті. Ічре ашсыз, ташра тонсыз йабызйаблық будунта мен өзүм қаған олуртым. Іл йеме іл болты, йеме болты.

Аудармасы:

Мұны көре білің(дер)! Түркі халқы аты жоқ бола бастаған еді. өлімші (болған) еді. Іші ассыз, сырты киімсіз нашар халыққа менің өзім қаған (болып) отырдым. Ел еңді ел болды, халық енді халық болды.



(Ескерткіштен үзінді)

«Түркі бектері мен халқы,
мұны естіндер! Қандай
сөздерім бар болса, соларды
мәңгі тасқа жаздырдым.
Оларды көріңдер, ұғындар».



Бұл арнау сөздер түркі
халықтарының кейінгі
ұрпақтарына арналған.
Мұндай тасқа қашалған
ескерткіштер туралы
жазылған деректер аз емес.

Орхон-Енисей жазба
ескерткіші





1889 жылы фин ғалымдары Енисей өзені бойынан табылған тастағы белгісіз жазулардың атласын жариялайды. Сол жылы орыстың География қоғамы Моңғолияға арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырады.



1889 жылы көрнекті орыс ғалымы В.В.Радлов Орхон-Енисей өзендерінің бойынан табылған таңба жазуы бар тастарды өзі барып, тексеріп қайтады. *«Солтүстік Моңғолияда VIII ғасырға қатысты жазба ескерткіштердің бар екендігі ғылым соншалықты қажет, Орхон өзені бассейніндегі ескерткіштерді тереңірек зерттеу үшін өте қажет. Сондықтан Императорлық Ғылым академиясы ғылыми экспедиция ұйымдастыруы қажет деп есептелінеді»*

No	Lat.	Turanian letters 200 BC	Orkhon letters 700 AD	Karosthi letters 50 BC	No	Lat.	Turanian letters 200 BC	Orkhon letters 700 AD	Karosthi letters 50 BC
1	a, ä	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	23	zi	𐰇𐰏	𐰇𐰏	𐰇𐰏
2	bʳ	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	24	nc	-	𐰇𐰏	𐰇𐰏
3	b²	-	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	25	c, u	𐰇𐰏	𐰇𐰏	𐰇𐰏
4	c	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	26	oq, u	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚
5	uʳ	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	27	ö, ü	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚
6	d²	-	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	28	v	𐰇𐰏	-	𐰇𐰏
7	y	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	29	p	𐰇𐰏	𐰇𐰏	𐰇𐰏
8	g	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	30	fʳ	𐰇𐰏	𐰇𐰏	𐰇𐰏
9	j	-	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	31	z²	𐰇𐰏	𐰇𐰏	𐰇𐰏
10	y	𐰇𐰏𐰣𐰚	-	𐰇𐰏𐰣𐰚	32	sʳ	𐰇𐰏	𐰇𐰏	𐰇𐰏
11	jʳ	-	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	33	s²	𐰇𐰏	𐰇𐰏	𐰇𐰏
12	j²	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	34	tʳ	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚
13	q	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	35	ʳ²	𐰇𐰏	𐰇𐰏	𐰇𐰏
14	k	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	36	th	𐰇𐰏𐰣𐰚	-	𐰇𐰏𐰣𐰚
15	ʳ	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	37	xʳ	𐰇𐰏𐰣𐰚	-	𐰇𐰏𐰣𐰚
16	ʳ²	-	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	38	x²	𐰇𐰏	-	𐰇𐰏
17	h	-	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	39	hʳ	𐰇𐰏	-	𐰇𐰏
18	m	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	40	h²	𐰇𐰏	-	𐰇𐰏
19	nʳ	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	41	s	𐰇𐰏	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚
20	n²	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	42	z.	𐰇𐰏	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚
21	ʳ	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	43	z̄	𐰇𐰏	-	𐰇𐰏
22	nj, ny	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	𐰇𐰏𐰣𐰚	44	e	-	-	𐰇𐰏

й өзендері

ескерткіштер –

ырлардағы түркі

кездегі

көрісі, мәдениеті

нінде мол деректер

материалдар.

енисей ескерткіштері

VH ғасырдың екінші

олса да, XIX ғасырдың соңына

шұғылданбады. Жазба

ында қала берді. Оларды ешкім


арнайы зерттемегендіктен, тастағы жазулар жөнінде

ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер мен теріс болжамдар

да айтылып жүрді.

Көне түркі жазба ескерткіштері түркологиялық әдебиеттерде негізінен үш топқа бөлінеді. Олар:

- **Енисей ескерткіштері.** Бұған Енисей өзенінің жоғарғы сағасы мен Тува Якутия Моңғолия жерлерінен табылған көптеген ескерткіштер жатады. Енисей ескерткіштерін зерттеуде В.В. Радлов, С.Е.Малов, Х.Н.Оркун, С.В.Кислев, И.А.Батманов т.б. көп еңбек сіңірді.
- **Талас ескерткіштері.** Талас ескерткіштерінің табылуы (1896-1898 жылдары, бұрынғы Әулиеата) қазіргі Жамбыл уезінің әкімі, Талас жазуларын табушылардың бірі – В.А.Каллаурдың есіміне байланысты. Талас ескерткіштерінің саны қазір 10-нан асты. Талас ескерткіштерін тауып, аудармаларын жасап, жариялауда Г.Гейкель, В.Радлов, П.Мелиоранский, С.Малов, Ю.Немет, Х. Оркун, С.Киселев, И.Батманов және Л.Кызласов, т.б. шұғылданды.
- **Орхон ескерткіштері.** Бұған VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың бас кезіндегі Құтлығ қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Күлі-чор сияқты ірі ескерткіштер мен он шақты майда ескерткіштер жатады. Орхон ескерткіштерін зерттеуге көптеген




1	2	3	1	2	3	1	2	3
ʃ	ʃ ʃ ʃ	a ä	ʒ	ʒ ʒ ʒ	d ⁶	ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ	r ⁷
ʃ	ʃ ʃ ʃ	y i	x	x +	d ⁷	ʃ	ʃ ʃ ʃ	l ⁶
ʃ	ʃ ʃ ʃ	o u	1	1 1	p	ʃ	ʃ ʃ	l ⁷
ʃ ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	ö ü	ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	b ⁶	ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ	č
ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	k ¹	ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ	b ⁷	ʃ		ič ⁷
ʃ	ʃ	k ²	ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	j ⁶	ʃ ʃ	ʃ ʃ	s ⁶
ʃ	ʃ ʃ	k ³	ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	j ⁷	ʃ	ʃ	s ⁷
ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	k ⁴	ʃ	ʃ ʃ	i	ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	š
ʃ	ʃ	k ⁵	ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	ng n	ʃ ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	z
ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	g ⁶	ʃ	ʃ	n ⁶	ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ	nd
ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	g ⁷	ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	n ⁷	ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	nc
ʃ ʃ	ʃ ʃ	l ⁶	ʃ	ʃ ʃ	m		ʃ	ld
ʃ ʃ	ʃ ʃ ʃ ʃ	l ⁷	ʃ	ʃ ʃ ʃ	r ⁶			

Көне Түркі жазуының құпиясын ашқан Даниялық ғалым Вильгельм Томсен болатын (1898 жылы бастап). Кейін орыс түркітанушылары аударып, көп зерттеді. Оған 20 ғасырда Түркі елдерінің ғалымдары – Татар, Өзбек, Түрік, Қазақ, Әзірбайжан зерттеушілері қосылды. Кейде "руна (руникалық) жазулары" деп аталады. Оның себебі жазудың құпиясы ашылмай тұрғанда, бұл жазулар бір қарағанда ежелгі скандинавия халықтарының жазбаларына ұқсайтын еді. Алайда ғылыми зерттеулер Түркі жазулары екенін анықтады. Томсен ең алғаш рет "Түрк" және "Тенрі" сөздерінен бастап оқыған екен.



Жазбаларда ең алдымен 5-8 ғасыр аралығындағы Ұлы даладағы тарихи оқиғалар көркем тілмен баяндалған, айналып келетін оралымдары мен ішкі ұйқастары, композициялық тұтастығы бар. Сондықтан оның ең алдымен жанрын айқындасақ – жылнама не шежіреден гөрі, бұлар – тарихи дастандар. Жазудың сипаты түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктерін, соның ішінде үндестік заңдарын жақсы береді. Жазудың ерекшелігі оңнан солға қарай оқылады және негізінен дауыссыз дыбыстар таңбаланады. Олардың жуан және жіңішке түрлері бар, олар жеке-жеке бөлек таңбаланады.



Көне Түркі жазуларының сыртқы түрі бізге тасқа қашалған түрде, "баспа әріптері" түрінде жетті. Оның жазбаша түрі қандай болғаны туралы мәлімет жоқ. Себебі маталарға, өңделген терілерге жазылуы мүмкін жазба әріптер бұл материалдардың төзімсіздігіне байланысты бізге жетпеді. Алғаш көрген адам бұл жазуларды бір қарағанда қазақ руларының таңбаларына ұқсатады. Яғни жазулар «жебе таңбалар», «ай таңбалар» және «тұмар таңбалар» мен «көз таңбалар», «аша таңбалар», «балық таңбалар» сосын «тарак таңбалар» мен «сырға таңбалардан» құралады.

